



Еуропалық Одақтың
қаржыландыруы

ҰХДБИ



INSTITUTE FOR
WAR & PEACE REPORTING



ИНСТИТУТ РЕПОРТАЖЕЙ ВОЙНЫ И МИРА

БАРШАҒА АРНАЛҒАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК:

Қазақстандағы төтенше жағдайларға
дайындықтың инклюзивтігін бағалау



Бұл жарияланымды Еуропалық Одақ қаржыландырды.
Оның мазмұнына тек IWPR жауапты және міндетті
түрде Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді



Ақпараттық баяндама



Авторы: Айдана Тілеукен

Мамыр 2025 жыл



АВТОР ТУРАЛЫ

Айдана Тлеукен – тұрақты даму, индустриялық симбиоз және айналмалы экономика тақырыптарына қызығушылық танытатын зерттеуші. Қазіргі уақытта ол Нидерландыдағы Твенте университетінің докторантурасында оқып, өнеркәсіптік және қалалық экожүйелерді қалай неғұрлым тұрақты әрі өзара байланысты етуге болатынын зерттеп жүр. Айдана өз зерттеуінде сандық және сапалық әдістерді, соның ішінде әлеуметтік желілерді талдау, машиналық оқыту және мәтіндердің семантикалық талдауын біріктіреді. Оның ғылыми тәжірибесінде шамамен 30-ға жуық ғылыми жарияланымдар мен конференцияларға қатысу бар. Академиялық қызметінен бөлек, Айдана тұрақты даму мен инклюзивті қалалық жоспарлауға қатысты әлеуметтік және білім беру бастамаларға белсенді қатысады. Әйелдердің қауіпсіздігі мен құқықтарына қатысты жазбалары Adil Qala кітабында және **Орталық Азиядағы әйелдер** антологиясында жарияланған.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ

Еуропалық Одақ – Еуропаның 27 елінен тұратын экономикалық және саяси одақ. Ол – адамның қадір-қасиетін құрметтеу, бостандық, демократия, теңдік, заң үстемдігі және адам құқықтары, соның ішінде азшылық өкілдерінің құқықтарын құрметтеу құндылықтарына негізделген. Қоғам, қоршаған орта және экономика-ның тұрақты дамуына жәрдемдесу үшін әркімнің пайдасына орай жаһандық деңгейде әрекет етеді.

«КОРГАН-М» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ТУРАЛЫ

«Корган-М» Қазақстанда тіркелген республикалық қоғамдық бірлестік, оның мақсаты – Қазақстан мен Орталық Азияда инклюзивті қоғамды дамытуға ықпал ету. Ұйымның қызметі әлеуметтік, экологиялық, білім беру және құқықтық салаларды қамтиды, әсіресе осал топтарды қолдауға және орнықты дамуға бағытталған. Ұйым экологиялық ағартушылық, климаттың өзгеру салдарын азайту және биологиялық әртүрлілікті сақтау бағыттарында жобаларды жүзеге асырады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтенуіне және жұмыспен қамтылуына қолдау көрсетіп, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек ұсынады. «Корган-М» бұрын сотталған азаматтарды қайта әлеуметтендіру бойынша бағдарламаларды іске асырып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балаларды қолдайды. Ұйым азаматтық бастамаларды да қолдайды: құқықтық көмек көрсету, мәдени-ағартушылық жобалар, жастар саясатын дамыту және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау. Осы кешенді тәсіл арқылы «Корган-М» өңірде әділетті, инклюзивті және тұрақты қоғам құруда маңызды рөл атқарады.

IWPR ТУРАЛЫ

(Соғыс пен бейбітшілікті баяндау институты) қақтығыс, дағдарыс немесе өтпелі кезеңдегі елдерде жергілікті халықтың дауысын күшейтіп, оң өзгерістерге жол ашады. Жеккөрушілік тіл мен үгіт-насихат белең алып, журналистер мен азаматтық белсенділер шабуылға ұшыраған кезде, IWPR сенімді ақпарат таратып, қоғам үшін маңызды қоғамдық пікірталастарды қолдайды. Жаңа жалған ақпарат түрлері әлеуметтік араздықты күшейтіп, цифрлық қауіпсіздікке қатер төндіріп, журналистерге шабуылдарды жиілетіп жатқан қазіргі заманда IWPR-дың жергілікті дауыстарды қолдау миссиясы бұрынғыдан да маңызды бола түсті. IWPR-дың негізгі қызметі – журналистер мен азаматтық қоғам өкілдерінің қауымдастықты ақпараттандыруына, ағартуына және жұмылдыруына мүмкіндік беру арқылы сенімді, бейтарап ақпарат ағынын күшейту. IWPR қоғамның өз шешімін өзі табуына көмектеседі, есептілік, сөз бостандығы және адам құқықтары үшін репортаж жасау мен адвокаттық қызмет жүргізу қабілетін арттыру арқылы жергілікті әлеуетті нығайтады.

■ МАЗМҰНЫ

Автор туралы	02
Еуропалық Одақ туралы	02
«Корган-М» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі туралы	03
IWPR туралы	03
Түйіндеме	05
1. КІРІСПЕ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ	
1.1. Қазақстан және қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді орта	07
1.2. Қазақстандағы мүгедектігі бар адамдардың демографиялық сипаттамалары	10
1.3. Төтенше жағдайлар кезіндегі қолжетімділік	11
1.4. Зерттеудің мақсаты	14
2. ӘДІСНАМА	
2.1. Сауалнама құралы	14
2.2. Деректерді жинау	15
2.2.1. Сауалнама	15
2.2.2. Сұхбат	15
2.3. Деректерді талдау	16
2.4. Шектеулер	17
3. САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЫ	
3.1.1. Жалпы нәтижелер	18
3.1.2. Өңірлік ерекшеліктер	23
3.1.3. Өзара байланысты басқа да нәтижелер	26
3.1.3.1. Мүгедектіктің ерекшеліктері	26
3.1.3.2. Төтенше жағдайларға дайындықтың маңызы	27
3.1.3.3. Ақпаратқа қолжетімділіктің маңызы	27
4. СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІ	28
5. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР	31
6. ДЕРЕККӨЗДЕР	33
7. ҚОСЫМША	
Сауалнама сұрақтары	37

■ ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл ақпараттық баяндама Қазақстанның бірнеше өңірінде жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелерін ұсынады. Зерттеу төтенше жағдайларға дайындық пен ерте ескерту жүйелерінің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі мен тиімділігін бағалауға бағытталды. Оның мақсаты – қозғалу, есту, көру және когнитив бұзылыстары бар азаматтардың төтенше жағдайлар кезіндегі ақпаратты қалай қабылдайтынын, олардың дайындық деңгейін, сондай-ақ қауіпсіз әрі уақытылы эвакуацияға кедергі келтіретін факторларды анықтау болды. Сауалнамада бірқатар аспектілер қарастырылды, атап айтқанда: ерте ескерту ақпаратына қанағаттану деңгейі, арнайы оқытудың дайындыққа әсері, жүйелердің өңірлік қолжетімділігі мен теңсіздігі, сондай-ақ қатысушылар үшін ең тиімді байланыс арналары. Статистикалық талдау нәтижесінде әртүрлі мүгедектік топтары төтенше жағдайлар туралы ескертуді қабылдау мен түсінуде айтарлықтай айырмашылықтарға ие екені анықталды. Бұл инклюзив әрі бейімделген коммуникациялық стратегиялардың маңызын дәлелдейді. Ресми оқытудан өткен адамдар қауіпсіздікке дайындық пен сенімділік деңгейінің едәуір жоғары екенін көрсетті. Бұл нәтижелер мақсатты оқыту бағдарламаларының тиімділігін растайды. Сонымен қатар, өңірлік айырмашылықтар да байқалды: кей аймақтарда ерте ескерту жүйелері анағұрлым қолжетімді болса, басқа өңірлерде инфрақұрылым мен саясат әлі де жетілмеген. Зерттеу барысында негізгі проблемалар ретінде көп арналы ескерту жүйелерінің (аудио, визуал және тактильді сигналдар) жеткіліксіздігі, қолданыстағы жүйелермен таныстықтың төмендігі және төтенше жағдайларға дайындық ресурстарына шектеулі қолжетімділік анықталды. Респонденттер өздерінің мүгедектік түріне сәйкес бейімделген әрі нақты, уақтылы ескертулерді қалайтындарын атап өтті. Сұхбаттар Қазақстанда мүгедектігі бар адамдар үшін төтенше жағдайларға дайындық жүйесінің әркелкі екенін көрсетті. Урбандалған аймақтарда ішінара ілгерілеу бар болғанымен, жалпы алғанда инклюзив инфрақұрылым, бейімделген байланыс және үйлестірілген қолдау шаралары жетіспейді. 2019 жылғы Арыс қаласындағы жарылыстан бастап, Шымкент пен Ақтау сияқты өңірлердегі су тасқыны мен дайындықтың жеткіліксіздігіне дейінгі жағдайлар инклюзив жоспарлаудың және ескерту жүйелерінің жедел енгізілуі қажет екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл зерттеу инклюзив дизайн, пайдаланушылардың жүйемен таныстығы, мақсатты оқыту және көп арналы байланыс принциптерін енгізудің маңызын дәлелдейді. Осы қағидаттарды іске асыру арқылы мүгедектігі бар адамдардың қауіпсіздігі мен дайындық деңгейін арттыруға, сондай-ақ өмірді сақтап қалуға мүмкіндік беретін ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге болады.

1. КІРІСПЕ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ

Табиғи апаттар, өрттер немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде мүгедектігі бар адамдар аса осал топтардың қатарына жатады және мұндай жағдайлар оларды өзгелермен салыстырғанда едәуір көбірек зиянға ұшыратады (Global Facility for Disaster Reduction and Recovery, 2017). Бұл тұлғалар мұндай жағдайларда ерекше кедергілерге тап болады, соның ішінде: шұғыл әрі түсінікті ақпаратқа қол жеткізу қиындықтары, қауіпсіз эвакуация жолдарының болмауы және тиісті бейімделген уақытша баспанамен қамтамасыз етілмеуі. Инклюзив емес төтенше жағдайлар коммуникациялық жүйелерінің болмауы бұл қиындықтарды одан әрі тереңдетеді. Себебі мұндай жүйелер мүгедектігі бар адамдардың әртүрлі қажеттіліктерін ескермейді және бейімделмеген.

Зерттеулер көрсеткендей, апаттар кезінде мүгедектігі бар адамдар физикалық, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық кедергілерге байланысты қауіпке анағұрлым жиі ұшырайды (БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік істер департаменті, б.д.). Бұл кедергілер олардың ескерту сигналдарын уақтылы қабылдап, тиісті әрекет жасауына, қауіпсіз эвакуациялануына және қажетті ресурстарға қол жеткізуіне кедергі келтіреді. Мысалы, стандартты төтенше ескерту хабарламалары есту немесе көру қабілеті шектеулі адамдар үшін қолжетімсіз болуы мүмкін, ал эвакуация жолдары қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделмеген. Бұған қоса, уақытша эвакуациялық баспаналар да ерекше қажеттіліктері бар адамдарға лайықталған инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмеген болып жатады, бұл олардың қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді.

БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы апаттар қаупін азайту стратегиялары мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың осалдығын міндетті түрде ескеруі тиіс екенін атап көрсетеді (United Nations, 2006).

Алайда, соған қарамастан, көптеген төтенше жағдайларға дайындық жоспарлары мен ерте ескерту жүйелері бұл санаттағы азаматтарды тиімді қамтуға әлі де жеткілікті бейімделмеген (БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік істер департаменті, б.д.). Мұндай кемшіліктер тек мүгедектігі бар адамдардың құқықтарының бұзылуына ғана емес, сонымен қатар бүкіл елдегі төтенше жағдайларға әрекет ету жүйесінің тиімділігінің төмендеуіне алып келеді.

1.1. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛУ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын реттейтін негізгі заң – 2005 жылы қабылданған «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заң (№39), кейін ол 2023 жылы қабылданған Әлеуметтік кодекске біріктірілді (Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, 2023). Бұл заң мүгедектігі бар адамдардың (МБА) заңды құқықтарын айқындап, олардың қоғам өміріне тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету үшін үкіметке нақты міндеттер жүктейді.

Атап айтқанда, заңда «кедергісіз орта» құру міндеті белгіленген: қоғамдық инфрақұрылым мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді болуға тиіс. Жергілікті атқарушы органдар МБА-дың тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға қолжетімділігін ұлттық стандарттарға сәйкес қамтамасыз етуге міндетті (Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, 2023). Егер нысанды толық бейімдеу мүмкін болмаса, онда мүгедектер ұйымдарымен келісе отырып, балама шаралар қабылдануы тиіс. Сонымен қатар, заң МБА-дың ақпарат пен коммуникацияға тең қолжетімділігін де қамтамасыз етеді. Бұл талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етпеген лауазымды тұлғалар мен ұйымдарға әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін.

Қазақстан 2015 жылы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын (CRPD) ратификациялау арқылы өз міндеттемелерін айқын көрсетті

(Туо, 2022). Ал 2019 жылы Үкімет 2019–2025 жылдарға арналған **«Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту бойынша ұлттық жоспарды»** бекітті (Туо, 2022). Бұл шаралар мүгедектердің құқықтарын мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдығына айналдыруға бағытталғанын көрсетеді. Қазақстандағы төтенше жағдайларды басқару жүйесі 2014 жылғы 11 сәуірде қабылданған Азаматтық қорғау туралы заңмен реттеледі (БҰҰ Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитеті [CRPD], 2019). Бұл заң азаматтық қорғау жүйесінің құқықтық негізін қалыптастырады (CRPD, 2019). Ол барлық азаматтар, соның ішінде мүгедектігі бар адамдардың да төтенше жағдайлар туралы алдын ала ескерту алу, өмірі мен денсаулығын қорғау және апат салдарынан келтірілген денсаулық пен мүлікке зиянның өтеміні алу құқығын нақты кепілдендіреді (CRPD, 2019). Осылайша, мүгедектігі бар тұлғалар ескерту және көмек шараларынан тыс қалмауға тиіс (CRPD, 2019).

Мысалы, бұл заңда телефон байланысы операторларының қауіпті жағдай туындаған кезде абоненттің орналасқан жерін анықтап, ұялы телефондарға тегін SMS-хабарлама жіберуге міндетті екені көрсетілген. Бұл талап инклюзив коммуникация тұрғысынан өте маңызды, себебі есту қабілеті шектеулі адамдар ескертулерді мәтіндік хабарлама арқылы тең дәрежеде қабылдай алады.

Соңғы бес жыл ішінде Қазақстан азаматтық қорғау жүйесін инклюзив етуге бағытталған қосымша шаралар қабылдады. 2020 жылы төтенше жағдайлар мен климаттық апаттар кезіндегі мүгедектердің құқықтарын қорғау жөнінде кеңес беретін Ұлттық инклюзия кеңесі құрылды (Mager, 2024). Сонымен қатар, 2024 жылы Астанада өткен халықаралық конференция секілді түрлі форумдар мүгедектер ұйымдары өкілдерін апаттарға дайындық пен әрекет ету комитеттерінің құрамына қосу қажеттігін атап өтті.

«Шырақ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Татьяна Баклажанская мүгедектігі бар адамдардың төтенше жағдайлар кезіндегі ахуалын қиындататын үш басты факторды атап өтті: **«қолжетімді инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, құтқару қызметтерінің арнайы даярлығының болмауы және мүгедектердің қажеттіліктеріне қатысты нақты деректердің жоқтығы»** (Mager, 2024). Осыған байланысты, Үкімет 2022–2024 жылдары төтенше жағдайлар кезінде мүгедектерді қорғауды жақсартуға арналған жаңа стандарттар мен ережелер енгізді. Мысалы, 2024 жылдың соңында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа стандарттарды жариялады. Олардың қатарында: мүгедектерге бейімделген ескерту пішімдері, осал топтарды ескеретін апаттық қауіптерді болжау жүйелері және мүгедектер мен олардың отбасы-

ларына арналған арнайы дайындық бағдарламалары бар (ORTCOM, 2024). ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев «мүгедек жандарды қолжетімді құралдар мен форматтар арқылы ескерту және олардың қажеттіліктерін ескеретін әрекет ету алгоритмдерін жасау» жөнінде жоспарлар бар екенін атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстанның құрылыс және қала құрылысы саласындағы нормалары қолжетімді ортаға жетуге бағытталған. Қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ғимараттар мен құрылыстардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған ұлттық құрылыс стандарты (ҚН РК 3.06.2011) және мүгедектердің қажеттіліктерін ескере отырып жобалау жөніндегі ережелер жиынтығы (СП РК 3.06-02-2012; СП РК 3.06-101-2012, 2019) енгізілді. Соңғы онжылдықта ұлттық құрылыс нормалары мен қала құрылысы стандарттарына әмбебап дизайн қағидалары біртіндеп енгізіліп келеді және олар Еуропалық қолжетімділік стандарттарына жақындастырылуда. Алайда қазіргі таңда мүгедектігі бар адамдар үшін нысандардың шамамен 80%-ы мүлде бейімделмеген, ал 20%-ы тек ішінара қолжетімді (Kopzhassarova, 2021).

Іс жүзінде бұл талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қиындық тудырып отыр. 2020 жылы жүргізілген мониторингтің нәтижесі бойынша, бір өңірде жаңадан салынған 24 қоғамдық нысанның тек біреуі ғана толық бейімделген болып шыққан (Kopzhassarova, 2021). Бұл стандарттарды сақтауда елеулі олқылықтардың бар екенін көрсетеді. Осыған байланысты, Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі жергілікті билік органдары бұл стандарттарды тиімді іске асыруға арналған жол карталарын әзірледі, сондай-ақ бақылау шараларын күшейтіп, талаптарды бұзғандар үшін айыппұлдар белгіледі (Vecher.kz, 2024).

1.2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

2020-жылдардың басындағы мәліметтер бойынша, Қазақстанда шамамен 700 000 тіркелген мүгедектігі бар адам бар, бұл ел халқының шамамен 3,7%-ын құрайды (Sabitova және т.б., 2020). 2021 жылдың қаңтарындағы ресми статистика бойынша бұл көрсеткіш 696 000 адамды құраған (Kopzhassarova, 2021). Ел деңгейінде мүгедектігі бар адамдардың жыныстық құрамы бойынша аздаған ерлер басымдығы байқалады: шамамен 56%-ы – ерлер, ал 44%-ы – әйелдер (Kopzhassarova, 2021). Бұл көрсеткіш көптеген елдермен салыстырғанда ерекшеленеді: мысалы, Финляндия, Дания, Словения, Нидерланды, Сербия және басқа да Еуропа елдерінде 2022 жылы мүгедектігі бар ерлердің саны әйелдерге қарағанда жоғары болмаған (Eurostat, 2024). Қазақстандағы бұл айырмашылық кәсіби жарақаттардың көптігімен немесе әйелдердің мүгедектігін тіркеуден тыс қалуымен байланысты болуы мүмкін.

Жас ерекшелігі тұрғысынан алғанда, Қазақстандағы мүгедектігі бар адамдардың 85%-дан астамы – ересектер (18 жастан жоғары), дегенмен ондаған мың мүгедектігі бар балалар да бар және олар тиісті қызметтермен қамтылған (Kopzhassarova, 2021).

Қалалық және ауылдық жерлердегі үлес тең – мүгедектігі бар адамдардың жартысы қалаларда, ал жартысы ауылдық елді мекендерде тұрады. Бұл – төтенше жағдайларға дайындық пен жоспарлау барысында өте маңызды статистикалық дерек, себебі инклюзив дайындық шаралары қалалық та, ауылдық та ортада іске асырылуы қажет дегенді білдіреді. Мысалы, Қазақстанның ең ірі қаласы Алматыда шамамен 60 000 мүгедектігі бар адам тұрады (Vecher.kz, 2024), ал Маңғыстау облысында бұл көрсеткіш шамамен 17 000 адамды құрайды.

Ақпаратқа қолжетімділік тұрғысынан ауыл мен қала арасында елеулі айырмашылық бар. 2020 жылы Қазақстанның оңтүстігінде жүргізілген жедел бағалау нәтижелері бойынша, ауылдық жерлердегі мүгедектігі бар адамдар төтенше жағдайлар кезіндегі денсаулық сақтау туралы ақпаратпен (мысалы, COVID-19 сақтық шаралары) қала тұрғындарына қарағанда әлдеқайда аз таныс болған (Sabitova және т.б., 2020). Ауылдық респонденттердің әрбір үшіншісі (35,6%) жағдайға қатысты жеткілікті білімге ие емес екенін айтқан, ал қалалық респонденттер арасында бұл көрсеткіш – әрбір төртіншісі адам (25,8%) (Sabitova және т.б., 2020).

Мүгедектіктің әртүрлі түрлеріне сәйкес бейімделген ақпараттық сигналдар қажет. Мысалы, есту қабілеті бұзылған адамдар сирена арқылы берілетін ескертуді естімеуі мүмкін, ал ақыл-ойы кеміс адамдарға болып жатқан жағдайды және не істеу керектігін түсіну үшін қарапайым әрі бейімделген тілмен берілген ақпарат қажет (Mager, 2024). Әлем бойынша төтенше жағдайлар кезіндегі ескерту жүйелерінің тиімділігі қалалық және ауылдық жерлер арасында өзгереді, бұл әсіресе мүгедектігі бар адамдардың қолжетімділігіне кері әсерін тигізеді (UNICEF, 2022). БҰҰ-ның «Жаңа Қалалық Күн тәртібі» инклюзив инфрақұрылымның маңызын, сондай-ақ қоғамның орнықтылығын және қауіпсіздігін арттыру қажеттігін атап өтеді (UNICEF, 2022). Төтенше жағдайлар кезінде тиімді байланыс орнату үшін хабарландыру тәсілдерінің комбинациясын қолдану – бір ғана әдіске сенгеннен анағұрлым тиімді (UNICEF, 2022; АҚШ Әділет департаменті, б.д.).

1.3. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕГІ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Төтенше жағдайлар кезінде қолжетімді орта құру – мүгедектігі бар адамдардың қорғау және көмек алу құқығына тең қол жеткізуін қамтамасыз етудің шешуші факторы болып табылады (Alexander & Sagramola, 2014). Бұл тек қызметтер мен гуманитарлық көмекті тең дәрежеде ұсынуды ғана емес, сонымен қатар физикалық және жүйелік кедергілерді жоюды, сондай-ақ әмбебап дизайн қағидаттарын төтенше жағдайға дайындық бағдарламаларына, саясаттарға және апаттан кейінгі қайта қалпына келтіру процестеріне енгізуді де қамтиды. Қолжетімділік – апат тәуекелдерін басқару мен гуманитарлық әрекеттің іргелі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл – мүгедектігі бар адамдарға таратылатын заттар мен жабдықтардың пайдалану ыңғайлылығы мен тиімділігіне басымдық беру қажет дегенді білдіреді.

Қолжетімділік – тұрақты күйдегі сипат емес. Ол үнемі қайта бағалауды, жағдайдың өзгерістерін немесе ықтимал бұзылуларды анықтауды талап етеді (UNICEF, 2022). Жедел бағалау құралдарына мүгедектікке қатысты сұрақтар енгізілуі қажет, ал мүгедектер ұйымдары (OPDs) осы бағалау құралдарын қарау және жетілдіру процестеріне белсенді қатысуы тиіс.

Сонымен қатар, оқыту – мүгедектігі бар адамдардың төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз эвакуациялануын қамтамасыз етудің негізгі шарты. Мұндай оқыту төтенше жағдайлар қызметкерлерін мүгедектігі бар адамдардың ерекше қажеттіліктеріне байланысты қажетті біліммен және сезімталдықпен қаруландырып қана қоймай, сонымен қатар мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасыларына төтенше жағдайларға саналы әрі сенімді дайындалуға мүмкіндік береді (Alexander & Sagramola, 2014).

Төтенше жағдайлар кезінде қолданылатын ескерту жүйесі мен мүгедектіктің түрі тығыз байланысты. Себебі әртүрлі мүгедектік формалары маңызды ақпаратты уақтылы және қолжетімді түрде жеткізуді қамтамасыз ететін арнайы тәсілдерді талап етеді (Alexander & Sagramola, 2014; UNICEF, 2022; АҚШ Әділет департаменті, б.д.). Бұл қажеттіліктерді мойындау – баршаға инклюзив төтенше жағдайларға әрекет ету жоспарларын әзірлеудің негізі. Мұндай жоспарлар азаматтардың қабілетіне қарамастан, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Мысалы, есту қабілеті нашар немесе саңырау адамдар дәстүрлі дыбыстық ескертулерді – радиохабарлар, теледидардағы ескертулер немесе сирена дыбыстарын елемей немесе мүлде қабылдай алмауы мүмкін (Alexander & Sagramola, 2014; UNICEF, 2022). Ал көру қабілеті нашар немесе зағип адамдар визуал сигналдарды қабылдай алмайды, сондықтан дыбыстық ескертулер олардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды (UNICEF, 2022; АҚШ Әділет департаменті, б.д.). Сонымен қатар, когнитив (танымдық) бұзылыстары бар адамдар төтенше жағдайларда ерекше қиындықтарға тап болады. Себебі күрделі нұсқаулар немесе шамадан тыс ақпарат оларда түсінбеушілік пен алаңдаушылық тудыруы мүмкін (Alexander & Sagramola, 2014; UNICEF, 2022).

1.4. ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ

Бұл зерттеу Қазақстанда төтенше жағдайлар кезінде мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімді ортаның тиімділігін зерделеуге бағытталған. Негізгі назар мүгедектігі бар азаматтардың тәжірибесіне және олардың тап болатын қиындықтарына аударылады. Біріншіден, біз ерте ескерту ақпаратының қабылдануын бағалауды мақсат етеміз – яғни, Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде тұратын, мүгедектіктің әртүрлі түрлері бар адамдардың ерте ескерту жүйелерінің қолжетімділігін қалай қабылдайтынын саралаймыз. Екіншіден, біз оқыту мен жүйемен таныстықтың рөлін зерттейміз – яғни, арнайы дайындықтан өту, төтенше жағдайлар жүйесімен таныс болу және өңірлік ерекшеліктер сияқты факторлардың дайындық деңгейіне және азаматтардың төтенше жағдайлар жүйесіне қанағаттануына қалай әсер ететінін талдаймыз. Үшіншіден, біз инклюзивтілік пен тиімділікті арттыруға бағытталған стратегиялық тәсілдерді анықтауды көздейміз – яғни, Қазақстанның нақты әлеуметтік және мәдени контекстіне бейімделген, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеретін төтенше жағдайларға дайындық пен әрекет ету бағдарламаларын жетілдіру жолдарын ұсынамыз. Осылайша, бұл зерттеу физикалық немесе когнитив қабілеттеріне қарамастан, қоғамның барлық мүшелеріне тиімді қызмет көрсетуге бағытталған, дәлелдерге негізделген ұсынымдар әзірлеуді көздейді. Мұндай ұсынымдар мемлекеттік саясатты жасаушыларға, төтенше жағдайларды жоспарлаушыларға және жергілікті қауымдастық ұйымдарына арналған.

2. ӘДІСНАМА

2.1. САУАЛНАМА ҚҰРАЛЫ

Мүгедектігі бар адамдарға арналған ерте ескерту жүйелерінің қолжетімділігі мен тиімділігін бағалау мақсатында 26 сұрақтан тұратын сауалнама әзірленіп, жүргізілді. Сауалнамада бірнеше маңызды аспектілер қамтылды: мүгедектіктің түрі, ескерту жүйелерімен таныстық, ақпараттың қолжетімділігіне қатысты қабылдау, дайындық пен оқыту деңгейі, эвакуация кезіндегі қиындықтар. Респонденттерден өздерінің мүгедектік түрін өз бетінше көрсету сұралды, олардың қатарына есту қабілетінің төмендеуі, көру қабілетінің бұзылуы, қозғалыс шектеулері, когнитив немесе психикалық бұзылыстар және өзге де жағдайлар кірді. Сонымен қатар, сауалнама респонденттердің төтенше жағдайлар кезіндегі қолданыстағы байланыс және ескерту жүйелері туралы алдын ала білімі мен хабардарлығы туралы мәліметтер жинады. Қатысушылар төтенше жағдай туралы ескертулерді қабылдау және түсіну тәжірибесін бағалап, қолжетімділікке кедергі келтіретін факторларды анықтады.

Сауалнама сондай-ақ респонденттер төтенше жағдайларға дайындық бойынша ресми оқудан өткен-өтпегенін және бұл олардың эвакуация кезінде әрекет ету қабілетіне қалай әсер еткенін зерттеді. Ашық және жабық түрдегі сұрақтар арқылы респонденттердің өткен төтенше жағдайлар кезіндегі эвакуация барысында кездескен нақты қиындықтары да қарастырылды. Осылайша, сауалнама құрылымы сандық және сапалық сұрақтарды қамтитындай етіп мұқият әзірленді, бұл деректер негізінде әрі статистикалық үрдістерді, әрі жеке тәжірибелерді талдауға мүмкіндік берді. Сауалнама сұрақтарының толық тізімі Қосымшада берілген.

2.2. ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ

2.2.1. САУАЛНАМА

Сауалнамаға жалпы саны 437 адамнан тұратын респондент қатысты, олардың барлығы мүгедектіктің әртүрлі түрлері бар тұлғалар ретінде кең ауқымды қамтуды қамтамасыз етті. Географиялық тұрғыда деректердің репрезентативтілігін арттыру мақсатында, сауалнама әртүрлі өңірлерде жүргізілді, бұл төтенше жағдайларға дайындық пен қолжетімділіктің аймақтарға байланысты қалай ерекшеленетінін түсінуге мүмкіндік берді. Қалалық және ауылдық жерлердегі қатысушыларды тең қамтуға ерекше көңіл бөлінді, себебі төтенше жағдайларға ден қою инфрақұрылымы мен қолжетімділік деңгейі орналасқан жерге байланысты өзгеруі мүмкін. Қатысушылар мүгедектердің құқықтарын қорғау ұйымдары, әлеуметтік желілер арқылы жарияланымдар, электрондық пошта арқылы тікелей шақырулар және жергілікті қауымдастық байланыстары арқылы тартылды. Осылайша, зерттеу мүгедектігі бар тұлғалардың тәжірибелерінің кең спектрін қамтуға ұмтылды. Сауалнама аноним түрде жүргізілді және барлық қатысушыларға олардың жауаптары тек зерттеу мақсатында қолданылатыны алдын ала хабарланды.

2.2.2. СҰХБАТ

Зерттеу барысында Қазақстанның бес өңірінде – Түркістан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Шымкент – мүгедектіктің әртүрлі түрлері мен деңгейлері бар адамдармен, сондай-ақ олардың қамқоршыларымен және мүгедектерге арналған ұйымдардың жетекшілерімен бетпе-бет сұхбаттар жүргізілді. Қатысушылардың қатарында көру қабілеті бұзылғандар, қозғалу мүмкіндігі шектеулі жандар, күрделі көпмүгедектік иелері және құқық қорғаушы қауымдастықтардың өкілдері болды. Зерттеудің этикалық талаптарын сақтау мақсатында, барлық қатысушылардан жазбаша түрде ақпараттандырылған келісім алынды. Іріктеу критерийлері қалалық және ауылдық контекстерді, мүгедектіктің әртүрлі түрлерін және төтенше жағдайларға қатысты әртүрлі тәжірибелерді қамтуға бағытталды. Барлық сұхбаттар жазылып алынып, кейін транскрипция жасалды. Деректерді талдауда индуктив тақырыптық талдау тәсілі қолданылды, бұл әдіс арқылы тақырыптар зерттеу сұрақтарынан емес, деректердің өзінен органикалық түрде туындады.

Алдымен деректер сұхбат нұсқаулығымен бағытталған жалпы тақырыптық санаттар бойынша кодталды:

- Төтенше жағдайлар кезіндегі тәжірибе;
- Инфрақұрылымның қолжетімділігі мен сапасы;
- Төтенше қызметтердің болуы мен әрекет етуі;
- Ерте ескерту жүйелерінің қолжетімділігі, қолданылуы және инклюзивтілігі;
- Ұйымдардың дайындық деңгейі мен қолдауы;
- Дайындықты қатысу және коммуникация тиімділігі.

2.3. ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ

Мүгедектік мәртебесі, ерте ескерту жүйелеріне хабардарлық және эвакуация нәтижелерінің арасындағы негізгі өзара байланыстарды зерттеу үшін бірқатар статистикалық талдау жүргізілді. Көп жағдайда хи-квадрат тесттері қолданылды – бұл санаттық айнымалылар арасындағы маңызды байланыстардың бар-жоғын анықтайтын параметрлік емес статистикалық әдіс. Бұл тест нақты бақылау нәтижелерінің, күтілетін жиіліктерден тәуелсіздік гипотезасы негізінде қаншалықты айырмашылығы бар екенін бағалауға мүмкіндік береді. Хи-квадрат тесті екі немесе одан да көп санаттық айнымалылар арасындағы байланыстарды зерттеуге жарамды, мысалы, мүгедектіктің түрі мен төтенше жағдайлар туралы ақпаратпен қанағаттану деңгейінің арасындағы байланыс, әсіресе үлгі көлемі үлкен болғанда және деректер контингенттік кестелер арқылы ұсынылғанда (McHugh, 2013).

Сонымен қатар, Краскал-Уоллис тесті қолданылды – бұл параметрлік емес тест әртүрлі мүгедектік топтары мен аймақтар бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен дайындық деңгейлерінің арасындағы статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықтарды анықтауға бағытталған. Бұл әдіс негізінен тәртіптік шкалаларда көрсетілген деректермен немесе қалыпты үлестірімге бағынбайтын үздіксіз деректермен жұмыс істеуде қолданылады (Glen, 2023). Осы параметрлік емес тәсілдерді пайдалану сауалнама нәтижелерінің қалыпты үлестірімді ұстанбауы мүмкін екенін ескере отырып, талдаудың сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл жауап беру үлгілерінің түрлілігіне қарамастан статистикалық қорытындылардың дәйектілігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ашық сұрақтар арқылы алынған сапалық жауаптар да талданып, мүгедектігі бар адамдардың эвакуация кезінде

кездесетін жиі қайталанатын қиындықтары мен кедергілері тақырыптық тұрғыда жіктелді. Осылайша, ерте ескерту жүйелерінің қолжетімділігін кешенді түрде түсіну үшін аралас әдістерге негізделген тәсіл қолданылды.

2.4. ШЕКТЕУЛЕР

Бұл зерттеу кең ауқымды деректер жиынтығын жинауға сәтті қол жеткізгенімен, бірқатар шектеулерді ескеру қажет. Негізгі шектеулердің бірі – респонденттердің өз бетінше жауап беруіне байланысты туындайтын субъективтік қате ықтималдығы, себебі жауаптар адамның есте сақтау қабілетіне немесе жеке көзқарастарына тәуелді болуы мүмкін. Сонымен қатар, төтенше жағдайларға дайындыққа мейлінше тартылған және хабардар адамдардың зерттеуге қатысу ықтималдығы жоғары болды, бұл нәтижелердің ерте ескерту жүйелерімен таныс адамдарға қарай ығысуына алып келуі мүмкін. Тағы бір қиындық – өңірлік қатысу деңгейінің біркелкі болмауы. Кейбір өңірлерден көбірек респондент тартылса, кейбір аймақтар төмен көрсеткіш көрсетті, бұл зерттеу нәтижелерін жалпыұлттық деңгейде жалпылауға шектеу қоюы мүмкін. Әр өңірдегі төтенше жағдайларға дайындық инфрақұрылымының әртүрлілігі де нәтижелердегі кейбір сәйкессіздіктерге себеп болуы ықтимал. Мүгедектік топтарын қамту аясында да шектеулер бар: зерттеу мүгедектіктің әртүрлі түрлерін ескергенімен, әр санат ішіндегі ерекшеліктер мен айырмашылықтар толықтай ашылмауы мүмкін. Адамның жеке қажеттіліктері, мысалы, қандай көмекші технологиялар қажет екені секілді жайттар терең талданбады, бұл қолжетімділікті түсінуде олқылықтарға әкелуі ықтимал. Сонымен қатар, іріктеу кезіндегі ішінара бейтараптықтың болу қаупі де ескерілуі тиіс. Мәселен, төтенше жағдайларға дайындық бойынша бұған дейін жағымсыз тәжірибесі болған адамдар зерттеуге белсендірек қатысуы мүмкін, бұл негатив көзқарастардың күшеюіне әсер етеді. Керісінше, төтенше жағдайларға ешқашан тап болмаған адамдар толық емес немесе аз ақпарат берген болуы мүмкін, бұл кей талдаулардың анықтығына әсер етуі мүмкін. Дегенмен, осы шектеулерге қарамастан, зерттеу мүгедектігі бар адамдар үшін ерте ескерту жүйелерінің қолжетімділігіне қатысты құнды нәтижелер береді. Бұл нәтижелер болашақ зерттеулер мен төтенше жағдайларға дайындықты жетілдіруге және инклюзияны арттыруға бағытталған саяси ұсыныстарды әзірлеуде негіз бола алады.





3. САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЫ

Бұл бөлім сауалнама нәтижелерін талдай отырып, келесі негізгі тақырыптарды қамтиды: ерте ескерту жүйелерінің қолжетімділігі мен оған қанағаттану деңгейі; жүйемен таныстық пен арнайы оқытудың дайындыққа ықпалы; өңірлік айырмашылықтар және ақпаратқа қолжетімділік пен эвакуация кезіндегі қиындықтар арасындағы байланыс. Бұл зерттелген тақырыптар әдебиеттерге шолу барысында өзектілігімен ерекшеленді және сондықтан Қазақстан жағдайына сәйкес келетін контексте қарастырылды.

3.1.1. ЖАЛПЫ НӘТИЖЕЛЕР







Респонденттердің 41%-ы Батыс Қазақстан өңірінен, 30,9%-ы Түркістан облысынан, 18,8%-ы Маңғыстау облысынан, ал 9,4%-ы Шымкент қаласынан болды (1-суретті қараңыз). Мүгедектік топтары бойынша 24,9%-ы I топқа, ал II және III топтардың әрқайсы 35,2%-ын құрайды (2-сурет). 3-суретке сәйкес, респонденттердің басым бөлігі тірек-қимыл жүйесінің бұзылыстарын бастан кешіреді. 4-сурет респонденттердің көбісі жеке тұрғын үйлерде тұратынын көрсетеді. 5-сурет төтенше жағдайлар кезінде кездесетін негізгі қиындықтар ретінде өздігінен эвакуациялана алмау, арнайы көмекші құралдардың болмауы немесе істен шығуы және шұғыл ескерту хабарламаларының кешігуі сияқты мәселелерді анықтайды.

6-суреттен көрініп тұрғандай, жергілікті ерте ескерту жүйелерімен таныстығы туралы сұралғанда, респонденттердің көбі өз білім деңгейін «жақсы» деп сипаттаған немесе нақты білмейтінін («білмеймін») көрсеткен. 7-суретке сәйкес, респонденттердің басым бөлігі ерте ескерту жүйесі арқылы алынған ақпараттың сапасына толықтай немесе жартылай қанағаттанатынын мәлім-








деген. Сонымен қатар, **8-сурет** бойынша, респонденттердің көпшілігі төтенше жағдайларға қатысты ақпаратқа қолжетімділік бойынша қиындық сезінбейтінін көрсеткен. **9-суретке** сәйкес, респонденттердің шамамен жартысы ықтимал төтенше жағдайлар туралы уақытылы хабарлама алатынын айтса, шамамен 20%-ы ондай ақпаратты уақытылы алмайды.

10-сурет шұғыл ақпарат алудың ең ыңғайлы құралы ретінде смартфондардың анық басым екенін көрсетеді. **11-суретке** сүйенсек, респонденттердің




пікірінше, ерте ескерту жүйесі әртүрлі мүгедектік түрлеріне сай келетіндей толық немесе ішінара қолжетімді. Алайда, **12-сурет** көрсеткендей, хабарламалардың көпшілігі толықтай немесе ішінара түсінікті деп танылғанымен, шамамен 9% респондент оларды түсініксіз деп бағалаған. **13-суретке** сәйкес, респонденттердің шамамен 45%-ы төтенше жағдайлар кезінде не істеу керектігі туралы жақсы хабардар екенін көрсетсе, шамамен 20%-ы мұндай ақпараттан мүлдем бейхабар екенін мәлімдеген. **14-сурет** ерекше назар аударарлық мәліметтер ұсынады: респонденттердің 70%-дан астамы төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялауда қиындықтарға тап болған. **15-сурет** бойынша эвакуация кезіндегі негізгі қиындықтар – көлік құралдарының болмауы және қажет ескертулердің уақытында берілмеуі. **16-сурет** респонденттердің басым көпшілігі мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін





кезең-кезеңмен түсіндіретін эвакуация нұсқаулығы қажет екенін қолдайтынын көрсетеді. **17-сурет** респонденттердің көпшілігі эвакуация кезінде төтенше жағдайлар қызметкерлері олардың ерекше қажеттіліктері мен денсаулығын тиісті түрде ескеретінін сезінетінін білдіреді. **18-суретке** сәйкес, респонденттердің шамамен 70%-ы төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттерге қатысты оқитудан өткен. Қызықты факт ретінде, **19-сурет** респонденттердің төтенше жағдайлар кезінде уақытша орналасу орындары туралы хабардарлығы теңдей бөлінгенін көрсетеді. 1-кесте респонденттердің жас ерекшеліктерін сипаттап, олардың басым бөлігі 35 пен 61 жас аралығында екенін анықтайды.



1-КЕСТЕ. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЖАСЫ.

Жас тобы	Жауаптар саны
35 пен 61 арасы	249
61 жастан үлкен	88
18 бен 35 жас арасы	82
18 жастан кіші	18

3.1.2. ӨҢІРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бұл бөлімде өңірлік ерекшеліктерге *қатысты алғашқы гипотеза ретінде жобаның пилоттық өңірлерінде (Шымкент, Түркістан облысы, Маңғыстау облысы) тұратын мүгедектігі бар азаматтар шұғыл жағдайларға тап* болғанда ақпаратқа шектеулі қолжетімділік, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және арнайы қолдаудың болмауы салдарынан осалдығы жоғары болады деген болжам тексерілді. Өңір мен эвакуация қиындықтары арасындағы байланысқа жүргізілген статистикалық талдау (Q1 vs Q16) төтенше жағдайлар кезіндегі эвакуациядағы қиындықтар бойынша өңірлік айырмашылықтардың

бар екенін көрсетеді және бұл гипотезаны растайды. Шымкент қаласында респонденттер ерекше жоғары қиындықтарды атап өтті: 31,7%-ы эвакуацияда қиындықтар туындағанын көрсеткен, бұл инфрақұрылымның жеткіліксіздігі немесе ақпаратқа қолжетімділіктің шектеулігі секілді жүйелі мәселелерге нұсқайды. Түркістан облысында 23 респондент қиындықтарға тап болғанын мәлімдеді, бұл өңірде дайындықтағы жергілікті кемшіліктердің бар екенін білдіреді. Ал Маңғыстау облысында респонденттердің басым көпшілігі ешқандай қиындық болмағанын көрсетті, бұл төтенше жағдайларға әрекет ету жүйесінің тиімділігі жоғары екенін көрсетеді.

Батыс Қазақстан облысында да респонденттердің көбі қиындық сезінбегенін атап өтті, бұл өңірде салыстырмалы түрде төтенше жағдайларға ден қою хаттамаларының әлдеқайда жүйелі екенін білдіреді. Бұл нәтижелер Шымкент қаласында ақпаратқа қолжетімділік пен инклюзия мәселелерін шешуге бағытталған жедел араласуды қажет ететінін айғақтайды.

Келесі гипотеза мынадай тұжырымнан құралды: «Өңірлердегі қазіргі ерте ескерту жүйелері мүгедектігі бар азаматтардың қажеттіліктерін жеткілікті дәрежеде ескермейді, бұл жүйенің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, сондай-ақ Қазақстан БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялаған кезде қабылдаған міндеттемелерді орындауға кедергі келтіреді».

Өңір мен ерте ескерту жүйесіне қанағаттану деңгейі арасындағы байланысты талдау (Q1 vs Q7, Q1 vs Q12) осы екі айнымалы арасында статистикалық тұрғыда маңызды байланыс бар екенін көрсетті ($\chi^2=20.2148$, $p=0.0166$; $\chi^2=19.2228$, $p=0.0234$). Кейбір өңірлерде қанағаттану деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, басқа өңірлерде байланыс арналарының шектеулі болуы немесе жергілікті тілде бейімделген контенттің болмауы себепті респонденттер қанағаттанбаушылық танытты. Бұл ескерту жүйелерін әр өңірдің лингвистикалық және мәдени ерекшеліктеріне бейімдеу қажеттігін көрсетеді. Шымкентте ескерту жүйесінің сапасына деген қанағаттану айтарлықтай төмен болды: тек 26,8% респонденттер қанағаттанғанын көрсетсе, 41,5%-ы қанағаттанбағанын немесе жартылай қанағаттанғанын білдірген.

Сонымен қатар, дәл осы өңірде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімсіз жүйелерге жиі тап болу да жиі кездеседі – 24,4% бұл жүйелерге «өте жиі» қол жеткізе алмайтынын айтты. Бұл жағдай визуал, аудиал немесе тактильді сигналдарды қамтитын көп арналы ескерту жүйелерінің болмауы сияқты олқылықтардың бар екенін білдіреді, бұл өз кезегінде мүгедектігі бар адамдарды ерекше қатерге ұшы-

ратады. Түркістан облысында аралас нәтиже байқалды. Қанағаттану деңгейі 48,5% («иә» деген жауап бергендер) болғанымен, 30 респондент қанағаттанбағанын, ал 18%-ы жүйеге «өте жиі» қол жеткізе алмайтынын мәлімдеген. Бұл төтенше жағдайлар жүйесі жалпы халық үшін жұмыс істегенімен, мүгедектігі бар адамдар үшін, әсіресе ауылдық жерлерде, әлі де жабық күйінде екенін көрсетеді. Ал Маңғыстау облысында қолжетімділікке қатысты жағдай біршама тұрақты: бұл өңірде жауаптар күтілетін жиіліктермен сәйкес келеді. Батыс Қазақстан облысы ең сәйкесті өңір ретінде танылды, онда қанағаттану деңгейі жоғары және қолжетімділікке қатысты шағымдар аз болды.

Тағы бір гипотеза: «Түркістан облысы сияқты өңірлерде, жергілікті билік пен қоғамдық ұйымдар мүгедектігі бар азаматтармен белсенді түрде өзара әрекеттесетін жерде, төтенше жағдайлар бойынша хабардарлық пен дайындық деңгейі жоғары болады». Түркістан облысында Леңгір, Ақсукеңт, Қазығұрт, Арыс, Мырзакент және Темірлан қалалары мен ауылдарында өткізілген төтенше жағдайларға дайындық бойынша тренингтер осы бағытта жергілікті төтенше жағдайлар қызметтері мен мүгедектермен жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың белсенді серіктестігін көрсетеді. Бұл шаралар «Еуразия қорының» қолдауымен және АҚШ халықаралық даму агенттігінің (USAID) қаржыландыруымен жүзеге асырылды және олар климаттың өзгеруімен байланысты төтенше жағдайларға мінез-құлықтық дайындықты дамытуға бағытталды. Бұл қызметтер БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының 11-бабына сай жүргізілді. Шараларға тұрақты түрде жергілікті еріктілер мен мүгедектігі бар азаматтар тартылып, бұл төтенше жағдайларға дайындық пен хабардарлықты арттыруда құрылымдық әрі инклюзив тәсіл қолданылғанын көрсетеді (korgan_m.kz, 2024a–h). Өңір мен дайындық/хабардарлық және оқыту арасындағы байланысты талдау (Q1 vs Q15, Q1 vs Q22) Қазақстан бойынша төтенше жағдайларға дайындық деңгейінің өңірлік айырмашылықтарын көрсетті және Түркістан облысының бұл тұрғыда алда келе жатқанын растады. Түркістан өңірі ерекше көзге түсіп, респонденттердің басым бөлігі төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер туралы «жақсы хабардар» екенін көрсеткен және хабарсыз қалған адамдардың үлесі төмен болды. Бұл көрсеткіш өңірдегі оқыту бағдарламаларына қатысудың жоғары болуымен үйлеседі, яғни Түркістандағы дайындық шаралары нақты білімге айналғанын білдіреді. Сондай-ақ, бұл өңірде жергілікті билік пен қоғамдық ұйымдар мүгедектігі бар азаматтармен тығыз байланыста жұмыс істейді, бұл дайындық пен хабардарлық деңгейінің артуына тікелей ықпал етіп отыр.

Керісінше, Шымкент қаласы біртүрлі парадоксал көрініс көрсетті: бұл өңірде халық санына шаққандағы оқытуға қатысу деңгейі жоғары болғанымен, бұл

нәтиже нақты біліммен сәйкес келмеді. Бұл тренингтердің сапасы немесе мазмұны бойынша олқылықтар болуы мүмкін екенін білдіреді. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан мен Маңғыстау өңірлері бұл көрсеткіштер бойынша артта қалып отыр: Батыс Қазақстанда төтенше жағдайлар туралы мүлдем хабарсыз респонденттердің үлесі жоғары болды, ал екі өңірде де оқытуға қатысу деңгейі күтілгеннен төмен. Батыс Қазақстанда оқытуға қолжетімділікті арттыру, Маңғыстаудағы өнеркәсіптік басымдықтарды қайта қарау, Шымкентте оқыту бағдарламаларының практикалық тиімділігін күшейту ұсынылады.

Талдау нәтижесінде өңірлер бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ескерту жүйелерінің қаншалықты жиі қолжетімсіз немесе тиімсіз болатыны да анықталды (Q1 және Q12). Шымкентте респонденттер бұл қиындықтарға аса жиі тап болатынын хабарлады. Бұл қалада қолжетімділік инфрақұрылымындағы кемшіліктердің немесе осындай мәселелер туралы хабарлау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Түркістан облысында бұл қиындықтар орташа деңгейде. Маңғыстау облысында қолжетімсіздік мәселелері сирек кездеседі, респонденттердің көпшілігі «ешқашан» деп жауап берген. Бұл өңірде қолжетімділік шаралары жақсы жолға қойылғанын, мәдени ерекшеліктерден туындайтын төмен хабарлау деңгейін немесе мүгедектерге арналған инфрақұрылымның тапшылығымен сирек байланыс орнауын білдіруі мүмкін. Батыс Қазақстан облысы да сирек қиындықтар мен «сирек/ешқашан» жауаптарының жоғары үлесімен ерекшеленеді, бұл өңірде стандарттарға сәйкестік жақсы немесе ауылдық жерде ескерту жүйелеріне тәуелділік аз екенін көрсетуі ықтимал.

3.1.3. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ БАСҚА ДА НӘТИЖЕЛЕР

3.1.3.1. Мүгедектіктің ерекшеліктері

Сауалнама нәтижесінде мүгедектік түрі мен шұғыл ескертулерге қанағаттану деңгейі арасында статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс анықталды (Q3 vs Q7) (χ^2 , $p = 0.0163$). Атап айтқанда, есту қабілеті бұзылған респонденттер арнайы бейімделген (визуал немесе мәтіндік) форматтар болмаған жағдайда қанағаттану деңгейінің төмендігін көрсетті. Бұл нәтиже төтенше жағдайлар кезіндегі коммуникациялық жүйелерде әртүрлі халық топтарына жету үшін көп арналы әдістерді қолданудың маңызын айқындайды.

3.1.3.2. Төтенше жағдайларға дайындықтың маңызы

Сауалнама ерте ескерту жүйелерімен таныстық пен ақпаратқа қанағаттану деңгейі арасында күшті корреляция бар екенін көрсетті (Q6 vs Q7) ($p < 0.0001$). Жүйенің қалай жұмыс істейтінін түсінетін адамдар оны маңызы жоғары және пайдалы деп бағалаған. Бұл қоғамның жүйелер туралы хабардарлығын арттыру – ақпараттың тиімді қабылдануына тікелей әсер ететінін білдіреді.

Ресми оқыту шараларының болуы төтенше жағдайлар кезінде қажетті әрекеттер туралы хабардарлықты едәуір арттыратыны анықталды (Q22 vs Q15) ($p < 0.0001$). Оқыған респонденттердің басым көпшілігі «не істеу керектігін білемін» деп жауап берген. Бұл нысаналы оқыту бағдарламаларының шұғыл жағдайларға тиімді жауап беру үшін қажетті дағды мен білім беруде шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Сонымен қатар, оқыту мен эвакуация кезіндегі қиындықтар туралы хабарлау арасында да маңызды байланыс байқалды (Q22 vs Q16) ($p = 0.0252$). Яғни, дайындықты арттырумен қатар, оқыту қауіп-қатерлер туралы хабардарлықты да арттырып, адамдардың проблемаларды жиірек байқауына ықпал етуі мүмкін. Бұл тренингтерді инфрақұрылымдық және практикалық қолдаумен толықтыру қажеттігін білдіреді. Оқудан өткен адамдардың уақытша баспаналар туралы хабардар болуы да жоғары болған (Q22 vs Q23) ($p < 0.0001$). Бұл дайындық шараларының жағдайға бағдарлану мен эвакуация нәтижелерін жақсартудағы рөлін дәлелдейді.

3.1.3.3. Ақпаратқа қолжетімділіктің маңызы

Ақпаратқа қол жеткізуде қиындыққа тап болған респонденттер эвакуация кезінде де анағұрлым көп мәселелерге ұшырасқан (Q8 vs Q17) ($p = 0.0228$). Шұғыл хабарламаларға немесе нұсқауларға уақытылы қол жеткізе алмау қауіпсіз эвакуацияға айтарлықтай кедергі келтіреді. Ақпаратқа қолжетімділіктегі проблемалар мен ескерту хабарламаларының кешігіп келуі арасында да нақты байланыс байқалды (Q8 vs Q9) ($p < 0.0001$). Бұл коммуникациялық кедергілердің төтенше жағдайлардағы нақты салдарын көрсетеді. Сауалнама мүгедектік түрі мен ескерту әдістеріне деген артықшылық арасында да статистикалық маңызды байланыс бар екенін көрсетті (Q3 vs Q10) ($p < 0.0001$). Мысалы, есту қабілеті бұзылғандар мәтіндік хабарламалар мен смартфон арқылы ескертулерді қаласа, көру қабілеті бұзылғандар дыбыстық сигналдарға сүйенеді.

4. СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сұхбат деректері Қазақстан өңірлерінде тұратын мүгедектігі бар адамдардың төтенше жағдайларға дайындық және әрекет ету деңгейінің әртүрлілігін көрсетті. Кейбір өңірлер, әсіресе қалалық орталықтар, қолжетімді инфрақұрылым мен шұғыл қызметтерді іске асыра бастағанымен, бұл әрекеттер фрагменттелген және тұрақты жүйеге айналмаған. Бұл нәтижелер инклюзив ерте ескерту жүйелерін дамыту, мүгедектер ұйымдарымен үйлестіруді жақсарту және әртүрлі қажеттіліктерге сай бейімделген инфрақұрылым құрудың өзектілігін көрсетеді.

Түркістан облысында 2019 жылғы Арыстағы оқ-дәрі жарылысы әлі күнге дейін халық жадында. Респонденттер бұл оқиға кезінде ешқандай дайындық болмағанын, ескерту сигналдарының, бейімделген баспаналардың және жергілікті билік тарапынан көмектің жоқтығын айтып берді. Эвакуация бейберекет түрде жүріп, көбіне тұрғындардың өз бастамасымен іске асқан. Көптеген сұхбат беруші өзін тастап кеткендей сезінген, ал тірі қалу көбіне көршілер мен жеке байланыстарға тәуелді болған. Қалпына келтіру жұмыстары да мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімсіз әрі теңсіз жүргізілген. Қатысушылар инклюзив тәуекелдерді оқыту, **«сөйлейтін сағат»** сияқты арнайы құрылғылар және дағдарыс кезінде көмектесуге дайындалған сенімді персоналдың қажеттілігін ерекше атап өтті.

Шымкент қаласында да төтенше жағдайларға мүгедектігі бар адамдардың дайындығына қатысты бірқатар кемшіліктер анықталды. Респонденттер ірі апаттарды есіне түсірмегенімен, дайындық жаттығуларының және қолжетімді инфрақұрылымның жоқтығына алаңдаушылық білдірді. Көпшілігінде арнайы такси қызметтері (Invataxi) немесе базалық мобильдік көмекке қол жеткізу болмаған, әрі олар шынайы апат жағдайында артта қаламыз ба деп қауіптенеді. Ерте ескерту жүйесі кейде стандартты SMS арқылы жұмыс істегенімен, сенсорлық мүгедектігі бар адамдарға бейімделмеген. Ең жиі айтылған ұсыныс – қолжетімді байланыс жүйелері мен жергілікті қоғамға негізделген қолдау құрылымдарын құру.

Батыс Қазақстан облысында, соның ішінде Атырау аймағында, 2023 жылғы су тасқыны кезінде байқалған тәжірибе жағымды және проблемалы тұстарды қатар көрсетті. Респонденттер төтенше жағдайлар кезінде уақытша баспаналар, азық-түлік, медициналық көмек және кейбір инфрақұрылымдық қалпына келтіру жұмыстарының жақсы ұйымдастырылғанын атап өтті.

Алайда тереңірек талдау көрсеткендей, баспаналардың бейімделуі жеткіліксіз, мүгедектерге арналған дәретханалар немесе жүріп-тұру құралдары аз, ал күрделі мүгедектігі бар балаларға қолдау мардымсыз болған. Эвакуация жолдарының кейбіреуі жақсы жұмыс істесе, басқалары мүгедектердің қажеттіліктерін ескермеген. Қатысушылар әмбебап дизайн стандарттарын енгізуді, көлік жүйесін жетілдіруді және мүгедектерге көмек көрсетуді ресми хаттамаларға енгізуді ұсынды.

Маңғыстау облысында, әсіресе Ақтау қаласында соңғы жылдары ірі апаттар болмаған. Респонденттер бұл өңірдің салыстырмалы түрде қолжетімділігін атап өтті – лифтердің жұмыс істеуі, жергілікті қызметтердің қолдауы және арнайы такси қызметінің (Invataxi) қолжетімділігі. Дегенмен, сұхбат берушілер төтенше жағдайлар болмағаны жалған дайындық сезімін тудыруы мүмкін екенін де мойындады. Олардың айтуынша, инклюзив оқу-жаттығулардың болмауы, алғашқы көмек қызметкерлерінің зағип немесе когнитив мүгедектігі бар адамдармен қалай әрекет ету керектігін білмеуі алаңдаушылық туғызады. Сонымен қатар, аудио-визуал ескерту жүйелерін және тактильді инфрақұрылымды, әсіресе көшелердегі өткелдер мен қоғамдық орындарда, кеңейту қажеттігі аталды.

TABLE 2. Төтенше жағдайларға дайындық туралы мүмкіндігі шектеулі адамдармен сұхбаттасу нәтижесінде әзірленген негізгі мәселелер, жалпы қорытындылар және ұсынылатын әрекеттер

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР	АЙМАҚТАР БОЙЫНША ОРТАҚ НӘТИЖЕЛЕР	ҰСЫНЫЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР
Инфрақұрылымның қолжетімділігі	Эвакуациялық қондырғыларда пандустар, бейімделген дәретханалар және тактильді нұсқау жиі болмаған	Қоғамдық инфрақұрылымдағы инклюзив дизайнды стандарттау
Ерте ескерту жүйесін бейімдеу	Көбінесе sms негізінде, сенсорлық бұзылыстарға жеткіліксіз бейімделген	Көп модальды (дауыс, тактильді) ескертулерді енгізу
Медициналық-әлеуметтік көмек	Ауылға қарағанда қалалық жерлер дайын; медициналық/әлеуметтік қолдау жиі кешіктіріледі	Ауылдық төтенше жағдайлар қызметі мен жылжымалы бөлімшелерді күшейту
Инклюзив дайындық бойынша тренинг	Мүгедектердің төтенше жағдайлар хаттамаларын білу дерлік жоқ, шектеулі	Жиі инклюзив оқыту сессиялары мен қоғамдық жаттығулар
Қоғамға тәуелділік	Институционалдық жауаптың жеткіліксіз болуына байланысты бейресми желілерге жоғары тәуелділік	Жергілікті ұйымдар мен желілердің рөлдерін ресімдеу
Жоспарлауға қатысу	Төтенше жағдайларға дайындықты жоспарлауға мүгедектер мен ақпараттық-насихат топтары сирек кіреді	Мүгедектігі бар жандардың өкілдерін міндетті түрде тартуды қамтамасыз ету

5. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Оқыту материалдары мен әдістерінің қолжетімділігін арттыру үшін әртүрлі мүгедектігі бар қатысушылардың нақты қажеттіліктеріне жауап беру аса маңызды.

Есту қабілеті бұзылған адамдар егер хабарламалар ым-ишара тілі немесе субтитр арқылы бейімделмесе, төтенше жағдайлар туралы ескертулерге қанағаттану деңгейінің төмен екенін көрсетті. Сонымен қатар, респонденттер смартфондарға едәуір тәуелді болғанымен, интернеті шектеулі ауылдық жерлерде төмен технологиялы шешімдердің маңызын да ерекше атап өтті. Осы зерттеу нәтижелерін ескере отырып, оқыту ресурстары бірнеше бейімделген форматта әзірленуі тиіс: ірі қаріппен басылған мәтіндер, Брайль қарпімен, оңай оқылатын нұсқалар (*Easy-to-Read*), субтитрлі бейнематериалдар, ым-ишара тіліндегі бейнелер, дыбыстық сипаттамалар, және көру қабілеті бұзылғандар үшін тактильдік демонстрациялар. Түркістан мен Батыс Қазақстан сияқты ауылдық аймақтарда цифрлық құралдарды баспа материалдармен, жергілікті радио хабарларымен және SMS-хабарламалармен толықтыру қажет. Оқыту материалдарын қазақ, орыс және қажет болған жағдайда аз ұлттардың тілдерінде мәдени тұрғыда бейімдеп, жергілікті мүгедектер ұйымдарымен серіктестік орнату тиімділікті арттырады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы мүгедектердің жыныстық арақатынасындағы теңсіздіктің себептерін анықтау бойынша тиісті мекемелер мен зерттеушілерге тапсырма беру ұсынылады, өйткені бұл факторларды түсіну – мәселенің ауқымы мен салдарын дұрыс бағалау үшін өте маңызды. Оқыту өткізілетін орындардың физикалық тұрғыдан қолжетімділігі де негізгі мәселе болып отыр. Себебі сауалнамада респонденттер эвакуация кезінде инфрақұрылымның қолжетімсіздігіне жиі тап болғанын көрсетті – елдегі қоғамдық ғимараттардың 80%-ы әлі де қолжетімсіз. Сондықтан әмбебап дизайн қағидаларын қатаң сақтау қажет. Оқыту алаңдары пандустармен, кең есіктермен, тұтқалармен, бейімделген дәретханалармен, тиісті жарықпен және Брайль немесе ірі қаріппен жазылған белгілермен жабдықталуы тиіс.

Әсіресе Шымкент қаласында қанағаттанбаушылық жоғары болғандықтан, сәйкестікке тексерістер жүргізу және инфрақұрылымды жаңарту – басымдық ретінде қарастырылуы тиіс. Оқыту алаңдарын аудиттен өткізу үшін құрамына мүгедектігі бар адамдар, жергілікті билік пен жоспарлаушылар кіретін өңірлік мониторингтік топтарды тарту ұсынылады. Сонымен қатар, Түркістан мен Маңғыстаудағы ауылдық мәдениет үйлеріне қажетті бейімдеу шараларын жүзеге асыру үшін шағын гранттар немесе ынталандыру тетіктерін ұсыну ауыл тұрғындарының қатысуын едәуір арттыра алады. Сондай-ақ, икемді кестелер мен мобильді оқыту бөлімшелері шалғай ауылдардағы қатысушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Мүгедектік түріне қарай оқыту бағдарламаларын жеке бейімдеу де маңызды. Себебі мүгедектік түрі мен ескерту жүйесіне қанағаттану арасында айтарлықтай байланыс анықталды. Сондықтан, арнайы бейімделген оқыту түрлері ұсынылуы тиіс: есту қабілеті бұзылған қатысушылар үшін ым-ишара тіліндегі аудармалар, субтитрлер және визуал материалдар; көру қабілеті бұзылған адамдарға – дыбыстық нұсқаулықтар мен эвакуация бағыттарын тактильді модельдер арқылы көрсету; когнитивтік мүгедектігі бар адамдар үшін – қарапайым тілде берілген нұсқаулар, кезең-кезеңмен түсіндіру және қайталауға негізделген жаттығу тәсілдері.

Өңірлік ерекшеліктерді ескеру үшін жергілікті ҰЕҰ-мен бірлесе отырып жасалған оқыту материалдарын қолдану ұсынылады. Бұл бейімделу мен тиімділікті едәуір арттырады. Смартфон пайдаланудың жоғары деңгейі және ауыл мен қала арасындағы цифрлық теңсіздікті ескере отырып, бейімделген технологияларды және жеке оқыту стратегияларын енгізу аса өзекті. Мәтінді дауысқа айналдыратын, қаріп өлшемін және контрастты реттейтін, ым-ишара тіліндегі бейнелер кітапханасы бар қолжетімді мобильді оқыту құралдары әзірленуі тиіс. Сонымен қатар, Батыс Қазақстандағы шалғай аймақтар үшін офлайн нұсқалар қарастырылуы қажет. Когнитивтік немесе психикалық бұзылыстары бар қатысушылар үшін жеке коучинг немесе шағын топпен оқыту тиімді болады.

Бағалау және үздіксіз жетілдіру мақсатында кері байланыс алу тетіктерін тұрақты негізде енгізу қажет. Қанағаттану сауалнамалары, жеңілдетілген пікір білдіру нысандары, қысқа телефон сауалнамалары және фокус-топтар – кедергілерді анықтап, оқыту мазмұнын жақсартуға көмектеседі. Қоғамдық ақпараттандыру мен тарту жұмыстары әсіресе ақпараттың дер кезінде жетпейтін ауылдық өңірлерде инклюзив дайындық мәдениетін нығайтуы тиіс. Соңында, бұл зерттеу мүгедектер ұйымдары, мемлекеттік құрылымдар және ҰЕҰ-лардың бірлесе әрекет етуі нәтижелі нәтиже бере алатынын дәлелдеді.

6. ДЕРЕККӨЗДЕР

Alexander, D., & Sagramola, S. (2014). Including people with disabilities in disaster preparedness and response. European and Mediterranean Major Hazards Agreement (EUR-OPA). Strasbourg, Council of Europe.

Glen, S. (2023). Kruskal-Wallis Test: Definition, Formula, and Example. Retrieved from <https://www.statisticshowto.com/probability-and-statistics/statistics-definitions/kruskal-wallis-test/> Global Facility for Disaster Reduction and Recovery (2017).

Disability inclusion in disaster risk management. World Bank. Retrieved February 20, 2025, from https://www.gfdr.org/sites/default/files/publication/GFDRR%20Disability%20inclusion%20in%20DRM%20Report_F.pdf

Eurostat. (2024, November). Disability statistics - population with difficulties in basic activities. Statistics Explained. https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=Disability_statistics_-_population_with_difficulties_in_basic_activities

McHugh, M. L. (2013). The Chi-square test of independence. *Biochemia Medica*, 23(2), 143–149. <https://doi.org/10.11613/BM.2013.018>

U.S. Department of Justice, Civil Rights Division, Disability Rights Section. (n.d.). An ADA guide for local governments: Making community emergency preparedness and response programs accessible to people with disabilities. U.S. Department of Justice.

United Nations Children's Fund (UNICEF). (2022). Toolkit on accessibility: Section C – Accessibility in emergencies. UNICEF.

United Nations Department of Economic and Social Affairs. (n.d.). Disability-inclusive disaster risk reduction. United Nations. Retrieved February 20, 2025, from <https://social.desa.un.org/issues/disability/disability-issues/disability-inclusive-dis>

[aster-risk-reduction/disability](#)

United Nations. (2006). Convention on the Rights of Persons with Disabilities and Optional Protocol. Retrieved February 20, 2025, from <https://www.un.org/disabilities/documents/convention/convoptprot-e.pdf>

Social Code of the Republic of Kazakhstan dated April 20, 2023 No. 224-VII ZRK. (2023). Republic of Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224/k23_224.htm

Tyo, V. (2022, February 1). Leaving no one behind: Building access as a stepping stone to social inclusion for people with disabilities. United Nations Development Programme Kazakhstan. <https://www.undp.org/kazakhstan/blog/leaving-no-one-behind-building-access-stepping-stone-social-inclusion-people-disabilities>

Committee on the Rights of Persons with Disabilities. (2019, February 21). Initial report submitted by Kazakhstan under article 35 of the Convention, due in 2017 (CRPD/C/KAZ/1). United Nations. <https://documents.un.org/access.nsf/get?OpenAgent&DS=CRPD/C/KAZ/1&Lang=E#:~:text=Emergency%20of%208%20February%202003,warning%20about%20emergency%20situations%20to>

Mager, Y. (2024, October 11). The emergency prevention and response system must be inclusive [Система предупреждения и реагирования на ЧС должна быть инклюзивной]. Kazakhstanskaya Pravda. <https://kazpravda.kz/n/sistema-preduprezhdeniya-i-reagirovaniya-na-chs-dolzha-byt-in-klyuzivnoy/>

ORTCOM. (2024, October 31). Necessary infrastructure measures have been adopted to ensure the safety of citizens with disabilities [Приняты необходимые инфраструктурные меры по обеспечению безопасности граждан с ограниченными возможностями]. Central Communications Service. <https://www.ortcom.kz/en/novosti/1730364425>

Kopzhassarova, L. (2021, April 7). How accessible is Kazakhstan for people with disabilities? CABAR.asia. <https://cabar.asia/en/how-accessible-is-kazakhstan-for-people-with-disabilities>

korgan_m.kz. (2024, May 6). Құрметті достар!... [Announcement of the launch of emergency preparedness trainings in Lenger, Kazakhstan, for volunteers and persons with disabilities, under a USAID-supported climate resilience project]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C6idOjrtaAf/>

korgan_m.kz. (2024, May 6). Құрметті достар!... [Photograph and description of an emergency preparedness training for volunteers and persons with disabilities in Lenger, Kazakhstan, under a USAID-supported climate resilience project]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C6qDK65t1jr/>

korgan_m.kz. (2024, May 16). Құрметті достар!... [Photograph and summary of a climate emergency preparedness training held in Aksukent for volunteers and people with disabilities, part of a USAID-funded inclusion and safety project]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C7D597PtpJm/>

korgan_m.kz. (2024, May 20). Құрметті достар!... [Announcement post for an upcoming emergency preparedness training in Kazygurt, Kazakhstan, promoting the UN CRPD principles and supported by USAID and Eurasia Foundation]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C7GklFONWh0/>

korgan_m.kz. (2024, May 23). Құрметті достар!... [Post announcing an emergency preparedness training for volunteers in Arys, Kazakhstan, emphasizing CRPD principles and supported by USAID and the Eurasia Foundation]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C7Qhyu9NaJa/>

korgan_m.kz. (2024, May 28). Құрметті достар!... [Announcement for an emergency preparedness training in Myrzakent, Kazakhstan, focused on climate resilience for volunteers and promoting CRPD principles]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C7dYJett5rB/>

korgan_m.kz. (2024, May 23). Құрметті достар!... [Announcement for an emergency preparedness training in Temirlan, Kazakhstan, emphasizing disability inclusion and UN CRPD principles, supported by USAID and Eurasia Foundation]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C7QhUJ9Nn-W/>

korgan_m.kz. (2024, May 16). Құрметті достар!... [Bilingual post about a preparedness training in Aksukent promoting inclusive disaster response practices in line with UN CRPD Article 11]. Instagram. <https://www.instagram.com/p/C6-mobLtWtx/>

SP RK 3.06-101-2012. (2019). Design of buildings with accessibility for minor mobile groups of population. Common position [Проектирование зданий и сооружений с учетом доступности для маломобильных групп населения. Общие положения] (with amendments as of November 27, 2019). Republic of Kazakhstan.
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39387280

Kopzhassarova, L. (2021, April 7). How accessible is Kazakhstan for people with disabilities? CABAR.asia.
<https://cabar.asia/en/how-accessible-is-kazakhstan-for-people-with-disabilities>

Veche.kz. (2024, 26 августа). Более 540 объектов адаптировано для лиц с инвалидностью в Мангистауской области. Вечерний Алматы.
<https://vecher.kz/ru/article/bolee-540-obektov-adaptirovano-dlia-lis-s-invalidnostiu-v-ma-ngistauskoi-oblasti.html>

Sabitova, S. T., Kaltayeva, L. M., & Moldakulova, G. M. (2020). Assessment of special needs of persons with disabilities in the context of coronavirus epidemic with a focus on women with disabilities (taking into account gender-based violence) through the example of Turkestan oblast and Shymkent city (pilot region). UNFPA Kazakhstan.
https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/_rapid_assessment_of_needs_of_pwd_covid19_final_1_0-eng.pdf

7. ҚОСЫМША

Сауалнама сұрақтары.

1. Тұрғылықты жеріңізді көрсетіңіз / Укажите регион Вашего проживания

1. Шымкент қ. / г. Шымкент
2. Түркістан облысы / Туркестанская область
3. Манғыстау облысы / Мангистауская область
4. Батыс Қазақстан облысы / Западно-Казахстанская область

2. Мүгедектік тобыңызды көрсетіңіз / Пожалуйста, укажите Вашу группу инвалидности

1. I топ / I группа
2. II топ / II группа
3. III топ / III группа

3. Мүгедектік түрін көрсетіңіз / Пожалуйста, укажите категорию Вашей инвалидности

1. Есту қабілеті бойынша / По слуху
2. Көру қабілеті бойынша / По зрению
3. Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы /
Нарушения опорно-двигательного аппарата
4. Ақыл-ой кемістігі / Ментальные нарушения
5. Другое

4. Тұрғын үй түрін көрсетіңіз / Укажите тип Вашего жилья

1. Көпқабатты үй / Многоквартирный дом
2. Жеке үй / Частный дом
3. Жатақхана / Общежитие
4. Другое

5. Төтенше жағдайлар кезінде қандай мәселелер туындайды (мысалы, табиғи апаттар, апаттар, өрттер)? / Какие проблемы вы испытываете во время чрезвычайных ситуаций (например, природные катастрофы, аварии, пожары)?

1. Өздігінен эвакуациялаудың мүмкін невожможстігі / Невозможность самостоятельной эвакуации
2. Көмекші құрылғылардың болмауы / бұзылуы / Отсутствие / поломки ассистивных устройств
3. Эвакуация жолдарының қол жетімсіздігі / Недоступность путей эвакуации
4. ТЖ туралы кеш хабарлау / Позднее оповещение о ЧС
5. Другое

6. Сіз өзіңіздің аймағыңыздағы ерте ескерту жүйесімен қаншалықты таныссыз? / Насколько хорошо вы знакомы с системой раннего оповещения в вашем регионе?

1. Өте жақсы / Очень хорошо
2. Жақсы / Хорошо
3. Таныс емеспін / Не знаком_а

7. Сіз ерте ескерту жүйесі арқылы алатын ақпараттың сапасына ризасыз ба? / Довольны ли вы качеством информации, которую вы получаете через систему раннего оповещения?

1. Иә / Да
2. Жоқ / Нет
3. Жартылай / Частично
4. Другое

8. Төтенше жағдай туралы ақпаратқа қол жеткізуде қиындықтар бар ма (мысалы, қажетті гаджеттердің/ қосымшалардың/ сервистердің болмауы)? / Есть ли у Вас сложности с доступом к информации о ЧС (например, отсутствие необходимых гаджетов/ приложений/ сервисов)?

1. Иә / да;
2. Жоқ / нет;
3. Другое

9. Мүмкін болатын төтенше жағдайлар туралы уақтылы ескертулер аласыз ба? / Получаете ли вы своевременные оповещения о возможных чрезвычайных ситуациях?

1. Иә / Да
2. Жоқ / Нет
3. Кейде / Иногда

10. Төтенше жағдай туралы ақпарат алудың қай әдісі сізге ыңғайлы? / Какой способ получения информации о ЧС для вас наиболее удобен?

1. Смартфон (SMS, қосымшалар) / Смартфон (SMS, приложения)
2. Теледидар / Телевизор
3. Радио
4. Интернет
5. Дыбыстық сигналдар / Звуковые сигналы
6. Другое

11. Сіздің ойыңызша, ерте ескерту жүйесі әртүрлі мүгедектігі бар адамдар үшін қол жетімді ме (мысалы, есту, көру, қозғалыс белсенділігі бұзылған)? / Как вы считаете, доступна ли система раннего оповещения для людей с различными видами инвалидности (например, с нарушением слуха, зрения, двигательной активности)?

1. Иә, толығымен қол жетімді / Да, полностью доступна
2. Жартылай қол жетімді / Частично доступна
3. Жоқ, мүлдем қол жетімді емес / Нет, совсем не доступна
4. Білмеймін / Не знаю

12. Сіз мүгедектігі бар адамдар үшін ескерту жүйесі қол жетімді емес немесе тиімсіз болатын жағдайларға қаншалықты жиі тап боласыз? / Как часто вы сталкиваетесь с ситуациями, когда система оповещения оказывается недоступной или неэффективной для людей с инвалидностью?

1. Өте жиі / Очень часто
2. Кейде / Иногда
3. Сирек / Редко
4. Ешқашан / Никогда

**13. Төтенше жағдай туралы ескертулерді қай жолмен алуға болады?/
Каким способом Вам доступнее получать оповещения о
чрезвычайных ситуациях?**

1. SMS және дауыстық хабарламалар / SMS и голосовые сообщения
2. Дабыл сигналдары (дыбыстық) / Сигналы тревоги (звуковые)
3. Субтитрлері немесе ымдау тілі бар бейне / Видео с субтитрами или жестовой речью
4. Мобильді қосымшалар арқылы хабарландырулар / Уведомления через мобильные приложения
5. Другое

**14. Хабарламалар сіздің жағдайыңызды ескере отырып, сіз үшін
қаншалықты түсінікті және қол жетімді? / Если вы получаете
уведомления, насколько они для вас понятны и доступны с учётом
вашего состояния?**

1. Толық түсінікті / Полностью понятны
2. Жартылай түсінікті / Частично понятны
3. Түсініксіз / Непонятны

**15. Төтенше жағдайларда (мысалы, өрт, жер сілкінісі) қалай әрекет ету
керектігін білесіз бе? / Знаете ли вы, как действовать в случае
чрезвычайных ситуаций (например, при пожаре, землетрясении)?**

1. Иә, мен жақсы білемін / Да, я хорошо осведомлён(а)
2. Менде негізгі білім бар, бірақ қосымша ақпарат қажет / Я имею базовые знания, но нужно больше информации
3. Жоқ, мұндай жағдайларда қалай әрекет ету керектігін білмеймін / Нет, не знаю, как действовать в таких ситуациях

16. Төтенше жағдайлар кезінде (мысалы, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі) эвакуациялау кезінде қиындықтарға тап болдыңыз ба? / Сталкивались ли вы с трудностями при эвакуации в случае чрезвычайных ситуаций (например, при пожаре, наводнении, землетрясении)?

1. Иә, қиындықтарға тап болдым / Да, сталкивался(ась) с трудностями
2. Жоқ, ешқандай мәселелер болған жоқ / Нет, проблем не было
3. Кейде мәселелер туындайды, бірақ мен оны жеңе аламын / Иногда возникают проблемы, но я могу справиться

17. Эвакуация процесінде қандай проблемалар туындады? / Какие проблемы возникали в процессе эвакуации?

1. Көлік құралдарының болмауы / Отсутствие транспортных средств
2. Шығуларға немесе лифттерге қол жеткізудегі қиындықтар / Трудности с доступом к выходам или лифтам
3. Басқа тараптан көмектің жоқтығы / Отсутствие помощи со стороны
4. Қажетті хабарламаларды алу мүмкін еместігі / Невозможность получения необходимых уведомлений
5. Другое

18. Төтенше жағдайда Сізге қандай ақпарат немесе қолдау пайдалы болар еді? / Какая информация или поддержка была бы полезна для вас в случае экстренной ситуации?

1. Мүгедектігі бар адамдарға арналған қадамдық нұсқаулар / Пошаговые инструкции для людей с инвалидностью
2. Эвакуация бойынша оқыту курстары / Обучающие курсы по эвакуации
3. Консультацияларға арналған сенім телефоны / Горячая линия для консультаций
4. Другое

19. Төтенше жағдайда эвакуация кезінде қандай физикалық немесе психологиялық қиындықтарға тап болғаныңызды айтыңыз? / Расскажите, какие физические или психологические трудности вы испытываете при эвакуации в случае ЧС?

- 20.** Сіздің ойыңызша, төтенше жағдай кезінде эвакуацияңызды және қауіпсіз аймақта болуыңызды не жеңілдетеді? / Что, по вашему мнению, могло бы облегчить вашу эвакуацию и нахождение в безопасной зоне в случае ЧС?
- 21.** ТЖ қызметкерлері эвакуациялау кезінде сіздің қажеттіліктеріңіз бен денсаулық ерекшеліктеріңізді ескерілетінін сезесіз бе? / Чувствуете ли вы, что ваши потребности и особенности здоровья принимаются во внимание при эвакуации сотрудниками ЧС?
1. Иә / Да
 2. Жоқ / Нет
 3. Білмеймін / Не знаю
- 22.** Сіз ТЖ кезіндегі іс-әрекеттер бойынша оқудан/ нұсқаудан өттіңіз бе? / Проходили ли Вы обучение/ инструктаж по действиям при ЧС?
1. Иә / Да
 2. Жоқ / Нет
- 23.** ТЖ кезінде халықты уақытша орналастырудың ең жақын пункті орналасқан ақпаратқа иесіз бе? / Владеете ли Вы информацией, где находится ближайший пункт временного размещения населения при ЧС?
1. Өте қолжетімді/Очень доступные
 2. Қол жетімді, бірақ жақсартулар қажет / Доступные, но необходимы улучшения
 3. Онша қол жетімді емес / Не очень доступные
 4. Мүлдем қол жетімді емес / Совсем недоступные
- 24.** Сіздің ойыңызша, мүгедектігі бар адамдар үшін ТЖ кезінде уақытша орналастыру пункттері қолайлы ма? / Как Вы считаете, доступны ли пункты временного размещения при ЧС для людей с инвалидностью?

25. Сіздің аймағыңыздағы мүгедектігі бар адамдар үшін қауіпсіздік пен эвакуацияны жақсарту бойынша қандай қосымша ұсыныстарыңыз бар? / Какие дополнительные предложения у вас есть по улучшению системы безопасности и эвакуации для людей с инвалидностью в вашем регионе?

26. Жасыңызды көрсетіңіз / Укажите Ваш возраст

1. 18 жасқа дейін / до 18 лет
2. 18 бен 35 жас аралығында / от 18 до 35 лет
3. 35 пен 61 жас аралығында / от 35 до 61 года
4. 61 жастан асқан/старше 61 года